

Павлодар қаласының Әділет басқармасы
ЗАҢДЫ ТИЛГАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2011 ж. «30» 12 жүргізілді
БСН 050940004456
№ 260-1945-01-2011

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

«Павлодарэнерго» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«05» 12
БЕКІТІЛГЕН
2011 ж. Хаттама

" ПАВЛОДАРСКИЕ ТЕПЛОВЫЕ СЕТИ "
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ

**«Павлодарские тепловые сети»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай – Серіктестік) нағыз жарғысы оның атын, мекен жайын, құрылуы тәртібін, оның органының құзырын, қайта ұйымдасу және оның қызметінің тоқтатылуын шартын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.
- 1.2. «Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Павлодарские тепловые сети» акционерлік қоғамының қайта құрылуы жолымен құрылады (мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік №13437-1945 – АО 23.09.2005 ж.) және оның қайта құрылғанға дейінгі барлық міндеттері мен құқықтарының Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңына, сонымен бірге Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық нормативтік актілері және нағыз Жарғыға сәйкес құқықты иеленушісі болып табылады.
- 1.3. Серіктестіктің дара қатысушысы болып табылады:
«Павлодарэнерго» акционерлік қоғамы, мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік №10539-1945-АО 13.12.2003 жылғы, заңды мекен жайы мен адресі: 140000. Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 27
Қатысушының банктік реквизиттері:
СТН 451500014268, ИИК KZ979420022030000249, «Эксимбанк Казахстан» АҚ филиалында Павлодар қ, БИК ЕХКАКЗКА
- 1.4. Серіктестіктің толық аты:
мемлекеттік тілде: «Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
орыс тілінде: «Товарищество с ограниченной ответственностью «Павлодарские тепловые сети».
мемлекеттік тілде қысқартылған аты: «ПТС» ЖШС;
орыс тілінде қысқартылған аты: ТОО «ПТС».
- 1.5. Серіктестіктің мекен жайы мен адресі: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Камзин к., 149.
- 1.6. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар және өкілдіктерін ашуға құқылы
- 1.7. Серіктестік қызмет мерзімі шектелмеген.

2. Қызметінің мақсаты және түрлері

- 2.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты пайда алу, сонымен бірге тауарда, жұмыста, қызметте қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру
- 2.2. Серіктестік қызметінің негізгі бағыттары болып табылады:
- жылу энергиясын беру және бөлу;
 - қайта сату мақсатында жылу энергиясын сатып алу;
 - жылу желілерін, жарылыс қауіпті өндірістер, гидротехникалық құрылғылар, көтеру құрылғыларын, ыдыстар және қысыммен жұмыс жасайтын құбырларды жобалау, құрылысы, монтаж, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет;
 - электротехникалық жабдықтар, аппаратулар және бақылау жүйесі, апатқа қарсы қорғаныстарды дайындау, монтаждау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің басқа да қызметтер;
- 2.3. Серіктестік қызмет заты әрі қарай Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кеңейтілуі немесе өзгертілуі мүмкін.

2.4. Барлық көрсетілген қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, ал қажет болғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік және басқару органдарында уәкілеттенген органдардың келісімдерін, рұқсаттарын, лицензияларын, сертификаттарын алған соң.

3. Серіктестіктің заңдық мәртебесі

3.1. Серіктестік заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктерде есеп айырысу және валюталық шоттары бар, өз аты көрсетілген ждөнгелек мөрі, тауар белгісі және сауда маркасы бар, оңашаланған мүлкі бар, мүліктік және жеке мүліксіз құқықтарын сатып алуға, сотта қуынушы және жауап беруші болады

Серіктестік ірі бизнес субъектісі болып табылады, жұмыскерлердің орташа жылдық саны 250 адамнан асады және активінің жалпы бағасы жылына айлық есеп көрсеткішінен 325 000 есе артық.

3.2. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша оған тиеселі барлық мүлікпен жауап береді.

Серіктестік қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестік қызметімен байланысты тәуекел шығынды онымен енгізілген салым бағасы шегінде көтереді. Серіктестік қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, қолданыстағы заңнамамен ескерілген жағдайлардан басқа.

3.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқылы, сонымен бірге басқа да заңды тұлғалардың құрылтайшысы болады

3.4. Серіктестік дербес, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарымен сәйкес өз жұмыскерлері және қатыстырылатын мамандардың еңбекақы төлеу тәртібі мен көлемін анықтайды.

3.5. Серіктестік өз органдары мен бөлімшелерінің құрылымын дербес анықтайды.

4. Серіктестік құқығы

4.1. Серіктестік Заңмен белгіленген тәртіпте құқылы:

- Қазақстан Республикасы және одан тыс жерлерде шарттар, мәмілер мен басқа да заңдық актілер жасауға, саудада, конкурстарға, аукциондарға, кәсіпорынның бірлескен қызметіне қатысуға;
- сотта қуынушы және жауап беруші болуға;
- дербес, өз қалауынша мүлікті өкімдеуге, пайданы бөлуге, жұмыскерлер еңбек төлеу жүйесін белгілеуге;
- оның қатысушыларымен салым және басқа да жарна түрінде берілген мүлікке меншік құқығы субъектісі болуға;
- Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде әртүрлі қозғалатын және қозғалмайтын мүлікті құрылысы, сатып алуға, оңашалауға, жалға алуға;
- семинарлар, аукциондар өткізу жолымен қаржылық ақша қатыстыруға, банктер мен фирмалар несиелерін, инвестицияларды қатыстыру, оның ішінде шетелдік;
- өз міндеттерін жүзеге асыруда тиімді нәтижелер үшін қызметтің әртүрлі формаларын пайдалануға;

Серіктестік жауапкершілік жасайды:

- нағыз жарғымен оған жүктелген міндеттер мен функциялардың сапалы орындалуына;
- бюджетпен мерзімінде есеп айырысуына.

5. Серіктестіктің жарғы капиталы және мүлкі

5.1. Серіктестік оған тиеселі ие болу, пайдалану, өкімдеу құқығын жүзеге асырады, негізгі қорлар, жер, айналымдағы қаржы, басқа да материалдық құндылықтар, қаржылық ресурстардан ұратын, бағасы серіктестіктің дербес балансында көрсетілген, қолданыстағы заңнама және жарғы жарғымен сәйкес жүзеге асырады.

5.2. Мүлік құрылуы көздері болып табылады:

- жарғы капиталына қатысушылар салымдары;
- қаруашылық және кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде алынған пайдалар;

- заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздер
5.3. Серіктестік қызметін қамтамасыз ету үшін қатысушылармен жарғы капиталы құрылған көлемі 2 696 049 500 (екі миллиард алты жүз тоқсан алты миллион қырық тоғыз мың бес жүз) теңге.

Мемлекеттік қайта тіркелуі кезіне Жарғы капиталы толық көлемде құрылған.

5.4. Қатысушының шешімімен серіктестік мүлкіне қосымша жарна салу туралы шешім қабылдануы мүмкін.

5.5. Серіктестік мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы органға жарғы капиталының ұлғайғаны туралы жарғы капиталын ұлғайту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш ай мерзімінде хабарлауға міндетті.

6. Таза пайданы бөлу

6.1. Серіктестіктің бір жылдағы қызмет нәтижесі бойынша алынған таза пайдасы сәйкес жылға серіктестік қызметінің нәтижесін бекітуге арналған серіктестік қатысушыларының кезекті жалпы жиналысының шешімімен сәйкес бөлінеді.

Жалпы жиналыс таза пайданың немесе оның бөлігінің серіктестік қатысушылары арасында бөлінуін болмауы туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.2. Серіктестіктің мүмкін шығындары резерв капиталы есебінен, ол серіктестікте құрылған жағдайда жабылады. Резерв капиталы қаржысының жетпегенінде резерв капиталының болмауы жағдайында шығындарды жабу көздері туралы шешім серіктестіктің бас органымен қабылданады

6.3. Серіктестіктің қатысушыларының бірін таза пайданы бөлуде қатысуын болдырмайтын келісім жарамсыз болып табылады.

7. Үлестерін сатып алушы Серіктестік қатысушыларына, серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

7.1. серіктестік өз қатысушыларының талабымен оның қатысушыларына мүдделі серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Серіктестік қатысушыларының мүддесін қозғайтын ақпарат болып танылады:

- 1) серіктестік органдарымен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпараттар;
- 2) серіктестікпен алынған займ, серіктестіктің меншік капиталы көлемінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын көлемде;
- 3) серіктестікпен серіктестіктің меншік капиталы көлемінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға мүлкті сатып алу немесе оңашалау бойынша ірі мәміле жасау;
- 4) серіктестікпен қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға және/немесе анық іс әрекеттерді жасауға, тоқтатуға немесе олардың іс әрекеттерін тоқтатуға лицензия алу, сонымен бірге серіктестікпен серіктестікпен қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға және/немесе анық іс әрекеттерді жасауға бұрын алынған лицензияныдан айыру;
- 5) серіктестік мүлкін қамауға алуға;
- 6) төтенше сипаттағы жағдайлардың болуы, нәтижесінде серіктестік мүлкі жойылса, бағасы қоғам активінің жалпы көлемінің он немесе одан көп пайызын құрса;
- 7) серіктестікті және/немесе оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- 8) серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- 9) аудиторлық есеп (ол болғанда);
- 10) корпоративтік талас бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат;
- 11) серіктестік жарғысына сәйкес серіктестік қатысушыларының мүддесін қозғайтын басқа да ақпарат.

7.2. Серіктестік қатысушыларының жазбаша талаптарымен атқарушы орган жеті күн ішінде алынған серіктестік қатысушыларының мүддесін қозғайтын ақпаратты ұстайтын құжаттар өшірмелерін ұсынуға міндетті. Сонымен бірге қызметтік, коммерциялық немесе

3. Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттың ұсынылуына шектеулер енгізілуі іберіледі.

7.4. Үлестерін сатып алушыларға серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсыну серіктестіктің бас органының шешімімен сәйкес жүзеге асырылады. Үлесін сатып алушыларға серіктестік қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібі мен көлемі бас орган шешімімен үлестерін сатып алу туралы алдын ала шартпен белгіленеді.

7.5 Қатысушылардың мүдделерін қозғайтын жауапкершілігі қызметі туралы ақпаратты беру мерзімді баспасөз басылымдарында яғни «Юридическая газета» басылымында, не Заңға және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттемелері

8.1. Серіктестік қатысушысы құқылы:

- 1) серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- 2) серіктестік қызметі туралы ақпарат алуға және бухгалтерлік және басқа да құжаттарымен танысуға;
- 3) серіктестік қызметінен пайда алуға;
- 4) серіктестік жойылған жағдайда, кредиторлармен есеп айырысқан соң қалған мүлік бөлігінің бағасын немесе осы мүлік бөлігін нақты алуға;
- 5) серіктестікке өз үлесін оқшаулау жолымен қатысуын тоқтатуға;
- 6) заңнама және серіктестік жарғысымен ескерілген, олардың құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімін сот тәртібімен қайта қарауға;
- 7) қатысушы өзіне қосымша құқықтарымен бөлінуі туралы шешім қабылдай алады, қосымша құқықтарын тоқтату немесе шектеу қатысушының шешімі бойынша жүзеге асырылады
- 8) қатысушы өзіне қосымша міндеттерді қабылдай алады

8.2. Серіктестік қатысушысы міндетті:

- 1) құрылтайшы құжаттарымен ескерілген тәртіпте, көлемде, тәсілде, мерзімде салымдарды енгізуге;
- 2) нағыз жарғы және заңнама талаптарын сақтауға;
- 3) серіктестіктің коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерті жарияламауға;
- 4) уәкілетті органға қатысушының аты, мекен жайы, банктік реквизиттерінің өзгеруі туралы жазбаша хабарлауға;

8.3. Серіктестік қатысушысы заңнамамен көрсетілген басқа да құқықтар (міндеттері) бар (көтереді)

9. Серіктестік органдары

9.1. Серіктестік органдары болып табылады:

- бас орган-қатысушылар жалпы жиналысы (дара қатысушының шешімі);
- атқарушы орган-Бас директор;

Серіктестік қатысушысы бір тұлға болғанға дейін шешім осы қатысушымен жеке дара қабылданады.

9.2. қатысушы құзыры, серіктестіктің атқарушы, бақылаушы органының құзыры нағыз жарғымен және ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» заңымен анықталады.

9.3. Серіктестіктің бас органының айрықша құзырына жатады:

- 1) серіктестіктің жарғысының өзгеруі, оның ішінде жарғылық капиталының, мекен жайының, фирмалық атының өзгеруі, немесе жарғысының жаңа редакцияда бекітілуі;
- 2) атқарушы органның сайлануы және оның өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сонымен бірге серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім және осындай берудің шартын анықтау;
- 3) байқаушы кеңес және/немесе тексеру комиссиясы (ревизор) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен серіктестіктің тексеру комиссиясының (ревизор) есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 4) жылдық қаржылық есепті бекіту және таза пайданы бөлу;
- 5) ішкі ережелерді, оларды және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды қабылдау процедурасын бекіту;

6) серіктестіктің басқа да шавруашылық серіктестіктерде, сонымен бірге коммерциялық емес ұйымдарда қатысуы туралы шешім;

7) серіктестіктің қайта ұйымдасуы немесе жойылуы туралы шешім;

8) жою комиссиясын тағайындау және жою балансын жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңының 34 б. сәйкес серіктестік қатысушыларының үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

10) бірауыздан қабылданатын, серіктестік мүлкінің көпіденуі туралы шешім;

11) ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңының 39 б. сәйкес серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

12) серіктестік қатысушыларына және үлесін сатып алушыларға серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімін бекіту;

13) серіктестіктің негізгі қорын сату туралы шешім;

14) заемдық қаржы тарту туралы шешім.

Жалпы жиналыс серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген сұрақты қарауға қабылдауға құқылы. Нағыз жарғымен жиналыстың айрықша құзырына жатқызылған сұрақтар серіктестіктің атқарушы органына қаратуға берілмейді.

Серіктестікте бір тұлғадан тұратын, қатысушылардың құзырына жатқызылған сұрақтар дара қатысушымен дара қабылданады және жазбаша ресімделеді.

9.4. Серіктестіктің әрбір қатысушысы жалпы жиналыста серіктестіктегі жарғы капиталындағы өз үлесіне сайма сай дауыс санына ие. Нағыз жарғымен жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатқызылған сұрақтар бойынша шешім қатысушылармен бірауыздан қабылданады. Басқа сұрақтар бойынша шешімдер серіктестіктің қатысушыларының жәй көпшілік дауысымен қабылданады.

9.5. Серіктестіктің жиналыс мәжілістері қажеттілігіне қарай жүргізіледі, жылына бір реттен кем емес. Жиналыста шешім қабылдау процедурасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

9.6. Бас директор серіктестіктің дара атқарушы органы болып табылады, ол лауазымға жиналыс шешімімен тағайындалады, босатылады. Бас директордың өкілеттік мерзімі бес жылдан аспайды.

9.7. Серіктестіктің Бас директоры:

- 1) серіктестік атынан сенімхатсыз іс әрекеттер жасайды;
- 2) серіктестік атынан мәмілелер, келісімдер мен шарттар жасайды және орындайды, банктерде есеп шоттар ашады, сенімхаттар береді, серіктестік персоналымен орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 3) серіктестік мүлкін өкімдейді, оның ішінде оның қаржысы, жалпы жиналыспен белгіленген шекте;

4) серіктестік жұмыскерлері арасында міндеттерді бөледі, олардың өкілеттіктерін анықтайды;

5) серіктестік атынан жеке және заңды тұлғаларға талаптар мен қуынымдарды ұсыну туралы шешім қабылдайды;

6) серіктестік жұмыскерлерне қатысты олардың лауазымға тағайындалуы, ауыстырылуы, босатылуы туралы бұйрықтар мен өкімдер шығарады, штат бекітеді, еңбек ақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық оқладтар мен персоналдық қосымша ақы көлемін анықтайды, сыйақы сұрақтарын шешеді, үстемелейді, тәртіптік шара қолданады;

7) жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатқызылмаған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады, сонымен бірге оған қатысушылар жалпы жиналысымен берілген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

9.8. Серіктестіктің бас директорына тыйым салынады:

- 1) бас органның келісімінсіз одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелерді жасауға (оның ішінде сыйлау, займ, өтеусіз пайдалану, сату-сатып алу және т.б. шарттар);
- комиссиондық сыйақы алуға, серіктестіктен, үшінші тұлғалардан, серіктестікпен үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелер үшін;
- еріктестікке қатысты үшінші тұлғалардың атынан және мүддесінде сөйлеуге;
- еріктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

9.9. Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін байқаушы кеңес құрылуы мүмкін.

9.10. Серіктестіктің атқарушы органының қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін серіктестік қатысушылары санынан немесе оның өкілдері санынан ревизор сайланады. Атқарушы орган мүшелері ревизор болып тағайындала алмайды.

10. Серіктестік қатысушысының үлесі (үлес бөлігінің) ауысуы

10.1. Серіктестік қатысушысы серіктестік мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бөлігін осы серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушыларына сатуға немесе басқа түрде беруге өз таңдауымен жасауға құқылы.

10.2. Серіктестік қатысушысының үлесі окшаулануы немесе ол төленген бөлігіне ғана оның толық төленгеніне дейін кепілденуі мүмкін.

10.3. Кез келген негіз бойынша үлесіне құқығын жоғалту қатысушының серіктестіктен шығуына әкеледі.

10.4. Қатысушының жарғы капиталдағы үлесі ол қайта ұйымдасқан жағдайда оның құқықты иелернушілеріне ауысады.

10.5. Серіктестік қатысушысының үлесіне жеке қарыздары бойынша шара қолдану жіберілмейді. Жеке қарызын жабуға мүлкі жетпегенде, кредиторлар қатысушы-қарызгердің үлесінің белгіленген тәртіпте бөлінуін талап етулері мүмкін.

11. Серіктестік қызметінің қайта ұйымдасуы және тоқтатылуы шарты

11.1. Серіктестік өз қызметін тоқтатады:

1. Егер жарғы капиталын азайту нәтижесінде оның көлемі ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңның 23 бабының 2 т. көрсетілген ең аз көлемнен аз болса.

2. Егер қатысушылар ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңның 24 бабының 2 т. белгіленген мерзімде серіктестіктің жарғы капиталын құрмаса;

3. Серіктестікті белгіленген тәртіпте банкрот деп тапса.

4. ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңымен ескерілген басқа да жағдайларда.

11.2. Серіктестік тоқтатылуы қайта ұйымдасуы (қосылу, бірігу, бөліну, қайта құрылу) жолымен жасалынады.

11.3. Серіктестіктің қайта ұйымдасуы (қосылу, бірігу, бөліну, қайта құрылу) бас органның шешімімен өз еркімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үлесін оқшаулау немесе серіктестік қатысушылары құрамының басқа да өзгеруі серіктестіктің қайта ұйымдасуы болып табылмайды.

Заңнама актілерімен белгіленген жағдайларда, серіктестіктің оның бөлінуі, немесе құрамынан бір немесе бірнеше серіктестіктер бөлініп шығуы уәкілетті мемлекеттік органдар шешімімен немесе сот шешімімен жүзеге асырылады.

Заңнама актілерімен белгіленген жағдайларда, серіктестіктің қосылу, бірігу түрінде қайта ұйымдасуы тек қана уәкілетті мемлекеттік органдар келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Қайта ұйымдасқан серіктестік мүлкі ол тіркелген кезде оның құқықты иеленушісіне ауысады, егер басқадай заң актілерімен немесе қайта ұйымдасуы туралы шешімімен ескерілмесе.

11.4. Серіктестік бас орган шешімімен жойылуы мүмкін.

11.5. Сот шешімімен серіктестік мына жағдайларда жойылуы мүмкін:

- банкроттық;

- серіктестік тіркелуі жарамсыз деп табылғанда, оны құрғанда заңнама бұзушылық жіберілуімен байланысты, олар жойылмайтын сипатта болса;

- қызметін сәйкес рұқсатсыз (лицензиясыз) жүзеге асырғанда немесе заң актілерімен тыйым салынған қызметті жүзеге асырғанда, немесе заңнаманы бірнеше рет не өрескел бұзғанда;

- заңнамамен ескерілген басқа да жағдайларда;

11.6. Серіктестіктің жойылуы оның құрылтайшыларымен тағайындалған жою комиссиясымен жасалынады, ал сот шешімімен банкрот деп табылғанда, сотпен тағайындалған жою комиссиясымен.

Жою комиссиясы болатын жою туралы ақпаратты жариялайды, оның кредиторларымен талаптар ұсыну тәртібі мен мерзімін көрсетеді. Бұл мерзім жою туралы жарияланған кезден бастап екі айдан көп болмайды.

Жою комиссиясы кредиторларды анықтауға және қарызды алуға шара қолданады, сонымен бірге кредиторларға заңды тұлғаның жойылуы туралы жазбаша хабарлайды.

Жою комиссиясы тағайындалған кезден бастап, оған серіктестік істерін басқару өкілеттігі ауысады. Жою комиссиясы серіктестік бар мүлкін бағалайды, кредиторларды тауып, олармен есеп айырысады, жою балансын құрады, оны серіктестік қатысушыларына ұсынады.

11.7. Серіктестікте қалған мүлік, серіктестік жұмыскерлеріне еңбек ақы төлеген соң қалған, оның ішінде заңнама актілерімен көрсетілген өтемақы төлемдері және бюджет және кредиторлар алдында міндеттемелерін орындаған соң, қатысушының меншігінде қалады.

11.8. Серіктестік жойылғанда, тіркеуші органға жою балансы ұсынылады, оның негізінде мемлекеттік тіркелімге серіктестіктің жойылуы туралы сәйкес жазу енгізіледі.

11.9. Жойылу аяқталды ал серіктестік өз қызметін тоқтатты деп ол туралы заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне жазу енгізілген кезден бастап саналады.

12. Қорытынды ереже

12.1. Нағыз Жарғы оның мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркелген кезінен бастап күшіне енеді.

12.2. Нағыз Жарғымен ескерілмеген барлық сұрақтар бойынша Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

«Павлодарэнерго» АҚ
серіктестік қатысушысы
атынан

Аманжол Асанович Васильев